

Инвестициялық жекешелендіру қорларының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1208. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 қазандағы № 755 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.10.2021 № 755 қаулысымен.

"Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:
 - инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналысын әзірлеудің және өткізудің ерекшеліктері туралы ереже;
 - сырттай дауыс беруге арналған бюллетеннің үлгі нысаны;
 - инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта құру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің тізілімін қалыптастыру мақсатында бір ай мерзім ішінде инвестициялық жекешелендіру қорларына жекешелендіру купондарын салған Қазақстан Республикасының азаматтары туралы мәліметтер берсін, инвестициялық жекешелендіру қорларының өтініші бойынша аталған мәліметтерді нақтыласын.
3. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі берген жоғарыда аталған мәліметтердің толықтығы мен сенімділігі үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті жауап береді деп белгіленсін.
4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті:
 - екі ай мерзім ішінде Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы ережеде көзделген ақпаратты, сондай-ақ инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің бірінші жалпы жиналысы өткізілетін күнді қамтитын инвестициялық жекешелендіру қорларының есептерін жинап, оларға талдау жасасын және инвестициялық жекешелендіру қорларына оларды қайта тіркеуді, қайта ұйымдастыруды не таратуды ұсынсын;

акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізгенге дейін инвестициялық жекешелендіру қорларының инвестициялық жекешелендіру купондарына акциялардың мемлекеттік пакетін сатып алуға деген құқығын әрбір инвестициялық жекешелендіру қорымен аталған акцияларды, ал акциялар эмиссиясы мемлекеттік тіркеуден өтпеген жағдайда - акционерлік қоғамның жарғылық капиталындағы тиісті қатысу үлесін сатып алу-сату шарттарын жасасу арқылы ресімдеуді аяқтасын;

инвестициялық жекешелендіру қорларының акционерлеріне инвестициялық жекешелендіру қорларының есебімен танысу және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді байланыс бөлімшелерінен немесе Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінен баспасөзде инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілуі туралы ақпарат жарияланғанға дейін алу мүмкіндігін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі бір ай мерзім ішінде инвестициялық жекешелендіру қорларына инвестициялық жекешелендіру купондарының үзбе талондарын берсін.

6. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 1 тамыздағы
N 1208 қаулысымен
бекітілген

Инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің
жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізудің ерекшеліктері туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленіп, күшіне енгізіліп отыр.

1. Инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің бірінші жалпы жиналысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінен оның қайта тіркелгені, қайта ұйымдастырылғаны не таратылғаны туралы ұсыным алғаннан кейін және осы Ереже күшіне енген күннен бастап алты айдан кешіктірмей өткізілуге тиіс.

Инвестициялық жекешелендіру қоры оған инвестициялық жекешелендіру купондарын салған Қазақстан Республикасының азаматтары туралы мәліметтер алған күннен бастап бір айдың ішінде акционерлердің тізілімін қалыптастыруға тиіс.

Акционерлердің тізілімін жүргізуді инвестициялық жекешелендіру қорлары мамандандырылған ұйым - бағалы қағаздар нарығының бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар кәсіби қатысушыға тапсыруға міндетті.

2. Бірінші жалпы жиналыстың алдағы шақырылуы туралы акционерлерге бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарлама жариялау арқылы хабарланады.

Бірінші жалпы жиналыстың өткізілуі туралы хабарлама Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында еркін таралатын, таралымы кемінде отыз мың дана, орыс және қазақ тіліндегі кемінде екі республикалық баспасөз органында жариялануға тиіс.

Инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің бірінші жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар көрсетілуге тиіс:

инвестициялық жекешелендіру қорының атауы және оның орналасқан жері;
жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын;

жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер, жалпы жиналыс өткізуге дайындық кезінде акционерлерге ұсынылуға тиіс ақпаратпен танысудың тәртібі мен шарттары.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы аталған хабарлама жиналыс өткізілетін күннен бұрын қырық күннен кешіктірмей жариялануға тиіс.

3. Инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығын тиісті инвестициялық жекешелендіру қорына инвестициялық жекешелендіру купондарын салған және оның акционерлерінің тізіліміне енгізілген барлық азаматтар иеленеді.

Инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің бірінші жалпы жиналысы қатысушы акционерлердің санына қарамастан шешімдер қабылдауға құқылы.

4. Шешімдер осы Ереженің 5-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда дауыс беруге қатысқан акционерлердің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Жарғыны өзгерту, жарғылық қордың мөлшерін белгілеу, инвестициялық жекешелендіру қорын тарату немесе қайта ұйымдастыру, оның органдарының мүшелерін сайлау және қайта шақыртып алу, пайданы бөлу және зиянды өтеу тәртібі мәселелері бойынша шешімдер дауыс беруге қатысқан акционерлердің дауыс санының кемінде үштен екісімен қабылданады.

6. Инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру сырттай немесе аралас (іштей дауыс беруге қоса сырттай) дауыс беру нысанында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жөнелту (тарату), оларды акционерлердің толтыруы және инвестициялық жекешелендіру қорының мекен-жайына жіберуі арқылы жүзеге асырылады.

Сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде мынадай талаптар орындалуға тиіс:

күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер пайдаланылуға тиіс (қоса беріліп отыр);

дауыс беруге арналған бюллетень инвестициялық жекешелендіру қорының толық атауын, жиналыс өткізілетін күнді, әрбір мәселенің қисынын және оның қаралу кезектілігін, дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен бейнеленген нұсқаларын, бюллетеньге дауыс беруші қол қоюға тиіс екеніне нұсқауды қамтуға тиіс;

инвестициялық жекешелендіру қоры органдарының мүшелерін сайлау мәселелері бойынша дауыс беру кезінде бюллетень үміткерлер туралы олардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген мәліметтерді (егер бар болса) қамтуға тиіс;

дауыс беру кезінде дауыс берушілерге дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бір ғана қалдырылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

7. Сырттай дауыс беруді жүргізудің осы Ереженің талаптарына сәйкес тәртібін, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеннің мәтінін, толтырылған бюллетеньдерді инвестициялық жекешелендіру қорының қабылдауының соңғы күнін инвестициялық жекешелендіру қорының байқаушы кеңесі белгілейді.

Бюллетеньдерді тіркеу мен олардың сақталуына инвестициялық жекешелендіру қорының байқаушы кеңесі жауап береді.

Дауыс беру қорытындысы туралы хаттамаға байқаушы кеңестің мүшелері қол қояды.

8. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында инвестициялық жекешелендіру қоры басқарушысының заңдармен талап етілетін ақпаратқа қоса мынадай:

инвестициялық жекешелендіру қорының бағалы қағаздар сатып алуы жөніндегі операциялар туралы;

инвестициялық жекешелендіру қорының бағалы қағаздарды сатуы жөніндегі операциялар туралы;

инвестициялық жекешелендіру қорының шығыстары туралы мәліметтерді қоса ұсынған, қордың қаржылық жағдайы туралы есебі тыңдалады.

9. Акционерлердің енгізілген жалпы жиналысы және оның қабылдаған шешімдері туралы инвестициялық жекешелендіру қорының байқаушы кеңесі он күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментіне хабарлауға міндетті.

10. Акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізгеннен кейін инвестициялық жекешелендіру қорлары заңдарда белгіленген тәртіппен және жалпы жиналыста қабылдаған шешімдерді есепке ала отырып қайта тіркеуге жатады.

Аталған қайта тіркеу жүзеге асырылғаннан кейін қорлар инвестициялық жекешелендіру қорлары ретіндегі өз қызметін тоқтатады және олар қолданылып жүрген заңдарға және өз жарғыларына сәйкес кез келген қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде бағалы қағаздар

нарығында инвестициялық қор ретінде іс-әрекет жасауға құқылы.

11. Осы Ережеде белгіленген мерзімдерде акционерлердің жалпы жиналысын өткізбеген, сондай-ақ акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізген күннен бастап үш ай ішінде осы Ереженің 10-тармағына сәйкес қайта тіркеуден өтпеген инвестициялық жекешелендіру қорлары уәкілетті мемлекеттік органның талап етуі бойынша сот тәртібімен мәжбүрлеп таратуға жатады.

Қосымша

Нысан

Инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің

жалпы жиналысында

СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ

ИЖҚ АҚ _____

Мекен-жайы _____

Купондар салымшысы

Тегі Аты Әкесінің аты

— Мекен-жайы _____

— (егер мекен-жайы өзгерген болса, 1994 жылғы 1 қаңтардан бергі мекен-жайы көрсетілсін)

1. _____

2. _____

Жаңа жеке басы куәлігі N _____

Ескі төлқұжаты: сериясы _____ N _____ берілген: кім _____ қайда _____

Тапсырылған купон саны _____ Чек кітапшасы N _____

(10 купон акционерге бір дауысқа құқық береді)

Акционердің күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімі:

Өз таңдауыңызды (Өз шешіміңізді) көрсету үшін X белгісін қоюыңызды өтінеміз:

1. Тексеру комиссиясының шешімін мақұлдау |Жақтайды|Қарсы|Қалыс

2. ИЖҚ-ның _____ кезеңге арналған есебін || |қалды
мақұлдау || |

3. Ашық үлгідегі ИЖҚ АҚ _____ етіп өзгерту || |

4. _____ АҚ || |

Жарғысының жаңа редакциясын мақұлдау || |

5. Жарғылық қорды _____ теңгеге дейін ұлғайту || |

6. Байқаушы кеңесті (Директорлар кеңесін) || |

_____ (саны) мүшеден мынадай тізімнен сайлау || |

I. || |

II. || |

III. || |

IV. || |

V. || |

VI. || |

VII. || |

7. Президентті сайлау (үміткерлердің тегі || |

көрсетілсін) || |

8. Тексеру комиссиясын сайлау (үміткерлердің || |

тегі көрсетілсін) || |

9. Аудиторды сайлау (үміткерлердің тегі || |

көрсетілсін) || |

10. Басқа мәселелер || |

Күні _____ Акционердің қолы _____

Егер Сіз немесе Сіздің өкіліңіз жалпы жиналысқа қатыса алмасаңыздар осы бюллетень бойынша инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беруге қатысуларыңыз керек, Бұл жағдайда Сіз бюллетеньді толтырып, _____ (күні) дейін жоғарыда аталған мекен-жайға жөнелтуге тиіссіз. Көрсетілген мерзімнен кейін алынған бюллетень дауыс санаған кезде есепке алынбайды. (Бюллетень көк түсті сиямен толтырылуға тиіс)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 1 тамыздағы
N 1208 қаулысымен
бекітілген

Инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта құру
жөніндегі шаралар жоспары

— NN Іс-шара Іске асыру Орындауға жауаптылар мерзімдері

— Ескерту.

- қаулы күшіне енгеннен кейін

1. Бұқаралық ақпарат құрал. Қол қойылған Үкіметтің Баспасөз дарында Үкімет қаулысын соң бірден қызметі

— 2. ИЖҚ шоттарында қалған 1 айдан Қаржыминінің Жекешелен. купондарды есептен шығару кешіктірмей діру жөніндегі және жөніндегі қосымша купон Меммүлік пен активтерді аукционын өткізу басқару департаменттері

— 3. ИЖ купондарын салымшы. 1 айдан Қаржыминінің Меммүлік ларының нақтыланған кешіктірмей пен активтерді басқару тізілімін, тізілімді департаментінің ақпа. басқару жөніндегі бағдар. раттық-есепке алу ламалық жабдықтауды және орталығы, Қазақстан ИЖҚ-дағы ИЖ купондарының Халықтық Банкі үзбе талондарын беру

— 4. Қайта құру және акционер. 1 айдан БҚҰК-мен (келісім лердің жалпы жиналысын кешіктірмей бойынша) бірлесе өткізу жөнінде ИЖҚ-ға отырып, НАМИ арналған ұсынымдар мен әдістемелер әзірлеу

— 5. ИЖҚ акционерлерінің жалпы 1-4 айдың ҚазМАА

жиналыстарын өткізу бойынша ішінде
түсіндіру науқанын
ұйымдастыру

6. ИЖҚ үшін акционерлердің ай сайын БҚҰК-мен (келісім
жалпы жиналысын өткізу бойынша) бірлесе
және қайта құру жөнінде отырып, НАМИ
оқыту семинарларын өткізу

7. Сырттай дауыс беруге 1 айдан Көлік және коммуникация.
арналған бюллетеньдерді кешіктірмей лар министрлігі
беру және ИЖҚ есебімен Қазақстан Халықтық Банкі
танысу мүмкіндігін
қамтамасыз ету тәртібін
бекіту

8. ИЖҚ есептерін жинау 2 айдан Қаржыминінің
кешіктірмей Жекешелендіру жөніндегі
департаменті

9. ИЖҚ есептерін талдау 3 айдан Бұл да
кешіктірмей

10. ИЖҚ акционерлеріне есеп. 4 айдан Бұл да
термен танысу және сырттай кешіктірмей
дауыс беруге арналған
бюллетеньдерді алу
мүмкіндігін қамтамасыз
етуге бақылау жасау

11. ИЖҚ-ның акционерлердің 11 айдан Бұл да
жалпы жиналысын өткізуіне кешіктірмей
бақылау жасау

12. ИЖҚ-ның жай-күйін, олардың 6 айдан Бұл да жалпы жиналыстарының кешіктірмей шешімдерін талдау және жалпы жиналыс өткізбеген ИЖҚ бойынша тарату рәсімдерін ұйымдастыру

13. Таратылатын қорлардың 7 айдан Бұл да активтері мен міндеттеме. кешіктірмей лерін сатып алуға тілек білдірген ИЖҚ арасында тендер өткізу

14. ИЖҚ-ны әділет органдарында 12 айдан Әділетмині қайта тіркеу
кешіктірмей

15. Инвестициялық қорлар мен 1 айдан БҚҰК (келісім бойынша) олардың басқарушы кешіктірмей компанияларының бағалы қағаздар нарығындағы қызметін реттейтін нормативтік актілерді әзірлеу және бекіту

16. Инвестициялық қорлар 2 айдан БҚҰК (келісім бойынша) акцияларының эмиссиясын кешіктірмей тіркеудің тәртібін бекіту

17.ИЖҚ-дан қайта құрылған 7 айдан БҚҰК (келісім бойынша)
инвестициялық қорлар мен кешіктірмей
акционерлік қоғамдар
акцияларының эмиссиясын
тіркеу

18.Салық заңдарына ИЖҚ-ға 1 айдан Қаржымині, БҚҰК
жеңілдікті салық салуға кешіктірмей (келісім бойынша)
қатысты өзгерістер енгізу
жөнінде ұсыныстар

19.Қайта құрылған ИЖҚ 8 айдан БҚҰК (келісім бойынша)
акцияларының кешіктірмей Қаржыминінің
акционерлердің шоттарына Жекешелендіру жөніндегі
тіркеушілерді есептелуіне департаментімен бірлесе
бақылау жасау отырып

ЕСКЕРТУ.

Қаулы күшіне енгеннен кейін.

ЕСКЕРТУ. Жоспардың 11,14-жолдары өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.03.24.

№ 258 қаулысымен.

Р980258_